

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласы №7 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

МАД тобының сабақтарына кіру бойынша

Анықтама

2024-2025 оқу жылының 15 сәуір күні 0 «Ә» сыныбына математика пәніне сабаққа кірдім. Сабақтың тақырыбы: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Мұғалімі Жаксыбаева С.Т сабақта түрлі ойындар мен әдістерді қолданып, АКТ ның көмегімен сабақты түрлендіріп өткізді. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары дұрыс құрылған. Бағдарламаға сай.Сабақ мақсаттары дұрыс қойылған. Менің сабаққа кіру мақсатым : Оқушылардың қабілеттерінің дамуы, белсенділіктері, қызығушылықтары және математикалық тапсырмаларды орындай алу, есептер шығару, ауызша есептеуге жаттығу қабілеттерін және оқушылардың 1 сыныпқа дайындығын бақылау.Сабақ барысында МАД тобы оқушыларының бағдарлама деңгейінде білімдері қанағаттанарлық екені көрінеді.Оқушылар заттың кеңістікте орналасу тәртібін біледі, анықтай алады. Жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта ұғымдарын түсінеді. Заттарды кеңістікте орналастырады. Сонымен қатар сандарды тура және кері санай біледі, сандардың көршілерін атайды, өрнектердің мәнін табады, апта күндерін, ай аттарын атау сияқты тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алатыны байқалды.Оқушылардың көбісі белсенді. Бірақ көп оқушылардың қазақ тілінде сөйлеуі орташа екені байқалады. АКТ-ның сабақта үнемі қолданылатыны байқалады, өйткені балалар әртүрлі тапсырмалар орындау барысында тақтаны жақсы меңгерген.

Ұсыныс:

- Оқушылардың зейінін шоғырландыру;
- Тілдік дамыту ойындарын көбірек жүргізу;
- Оқушының зейін үрдісін дамытатын ойын жаттығуларды сабақ үстінде пайдалану;
- Сабақта әр балаға жекелей тапсырмалар беріп, өзіндік жұмыстарға тарту;
- Сабақ барысында төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен қосымша тапсырмалар беру арқылы дамыту жұмыстарын жүргізу;
- Оқушылардың кеңістік бағдары туралы түсініктерін дамыту, сабақ үстінде оқушының назарын мұғалімге, тапсырмаға бағытталуын қадағалау.

Ақтайлақ Ж

бастауыш сынып мұғалімі